

## Май ауданы Кеңтүбек ауылының көшелерінің атауларын қайта атау туралы

Павлодар облысы Май ауданы Кеңтүбек селолық округі әкімінің 2016 жылғы 03 ақпандағы № 01 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 02 наурызда № 4949 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Кеңтүбек ауылының тұрғындарының пікірін ескере отырып, 2015 жылғы 2 желтоқсандағы Павлодар облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде Кеңтүбек ауылының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Май ауданы Кеңтүбек ауылында:
  - "Ленин" көшесі "Махмет Қайырбаев" көшесіне;
  - "Целинная" көшесі "Әлия Молдағұлова" көшесіне;
  - "Комсомольская" көшесі "Бауыржан Момышұлы" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Селолық округ әкімі*

*А. Оразалин*